

**«Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің,
биоагенттердің
(энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау»
Мемлекеттік қызмет паспорты**

1	Көрсетілетін қызметті беруші	Аудандардың ауыл шаруашылығы бөлімдері, «Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ
2	Көрсетілетін қызметті тұтынушылар	жеке және заңды тұлғалар
3	Көрсетілетін қызметтің нысаны	қағаз түрінде
4	Көрсетілетін қызметті ұсыну орны	аудандардың ауыл шаруашылығы бөлімдерінің, Батыс қазақстан облысы ауыл шаруашылығы басқармасының кеңсесі;
5	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі: дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін. 2. Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады 3) Мемлекеттік корпорацияның – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі – сенбі аралығында түскі үзіліссіз, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жүргізіледі.
6	Қажетті құжаттар	мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияларды алуға өтінім береді.
7	Көрсетілетін қызметтің құны мен ақы төлеу тәртібі	тегін
8	Көрсетілетін қызметті көрсету	көрсетілетін қызметті берушіге өтінімді тапсырған сәттен бастап – 15 (он бес) жұмыс күні;

	мерзімі	өтінімді тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 (отыз) минут; көрсетілетін қызметті алушыға рұқсат етілген ең ұзақ қызмет көрсету уақыты – 15 (он бес) минут.көрсетілетін м
9	Көрсетілетін қызметті көрсету нәтижесі	гербицидтерді ағымдағы жылы және өткен жылдың 4 (төртінші) тоқсанында сатып алу жөніндегі шығындарын өтеу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге; көрсетілетін қызметті алушылардың банктік шоттарына тиесілі бюджетті субсидияларды одан әрі аудару үшін аумақтық қазынашылық бөлімшеге төлем құжаттарын ұсыну.
10	Нормативтік-құқықтық актілер	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 20-бұйрығымен бекітілген «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары», Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 8 маусымдағы № 15-1/522 бұйрығымен бекітілген «Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты.
11	Қосымша ақпарат	Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Министрліктің www.minagri.gov.kz интернет-ресурсында; 2) порталда орналастырылған; Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары www.mgov.kz интернет-ресурсында көрсетілген; Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414

Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Мемлекеттік қызметтертер көрсету мәселелері бойынша, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшыларының атына (аудандық ауыл шаруашылығы бөлімдерінің мекен-жайлары бойынша) немесе БҚО ауыл

шаруашылығы басқармасы басшысының атына мына мекен-жай бойынша беріледі: 090000, Орал қаласы Қ.Аманжолов көшесі 75 үй, телефоны (87112) 50-65-94.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның – оның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі және күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюы керек.

Шағымның қабылданғанын растайтын құжат шағымды қабылдаған адамның аты жөні мен тегі, сондай-ақ берілген шағымға жауап алуды мерзімі мен орны көрсетіле отырып көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға жатады. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы.